

**«Dariya» балабақшасы 2023-24 оқу жылына
мектепке дейінгі ұйымның
Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Қараша 2023 ж

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Қамқоршылық кеңес мүшелері,
Тәрбиешілер.

Күн тәртібінде:

1. Балабақша аумағының, ойын алаңдарының күзгі маусымға және қауіпсіздік талаптарына сай болуы.
2. «Балаларға қатысты зорлық – зомбылық пен қатігездіктің алдын алу.»

Тыңдалды:

Отырыс төрағасы күн тәртібіндегі негізгі мәселемен таныстырды. Күзгі маусымда ауа райының өзгеруінен (жаңбыр, жел) байланысты балалардың серуендеу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты міндет екенін атап өтті.

Сөз алды:

Балабақша меңгерушісі сөз алып, ойын алаңдарында жүргізілген тексеріс қорытындысы бойынша сырғанақтар мен карусельдердің беріктігі мен тұрақты екенін, жаңбыр суы ағатын науалар қоқыс пен жапырақтардан тазартылды, ойын алаңдарының беті тегістеліп, шұңқырлар толтырылды. Күзгі жаңбырдан кейін су жиналмау шаралары қаралды, деді.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі сөз алып, мекемедегі қауіпсіздік шараларына тоқталды. Бейнебақылау камераларының үздіксіз жұмыс істеп тұрғанын және топтардағы тәрбиешілердің этикалық нормаларды сақтау қатаң қадағалатынын мәлімдеді. Зорлық – зомбылық белгілері байқалған жағдайда қолданылатын іс – қимыл алгоритмі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Балабақша аумағы мен ойын алаңдарының күзгі маусымға дайындығы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Топ тәрбиешілеріне балаларды серуенге шығару алдында ойын алаңдарында бөтен заттардың болмауын тексеру жүктелсін.
3. Балабақшадағы бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмысы мен қауіпсіздік қызметінің сапасы Қамқоршылық кеңестің тұрақты бақылауында болсын.

Төрайымы: Амирханова С.

Хатшы: Әубәкір Н.